XX ғасырдың 80-ші, 90-шы жылдардың соңындағы саяси және экономикалық процестері халықтың қоғамдық белсенділігін ынталандырды. Белгілі саяси, шығармашылық, кәсіптік бірлестіктермен қоса жаңа түрдегі қоғамдық бірлестіктер пайда бола бастады. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылғы 31 мамырдағы Заңына сәйкес қоғамдық бірлестіктер саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқық пен бостандық, азаматтардың өнерпаздығы мен белсенділігін дамыту; кәсіпқой және әуестік қызығушылықтарды қанағаттандыру; ғылыми, техникалық және көркемдік шығармашылық, адамдардың деңсаулығы мен өмірін сақтау, қоршаған табиғи ортаны қорғауды дамыту; қайырымдылық қызметтерге араласу; мәдени-ағартушылық, спорттық-сауықтыру жұмыстары; тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау; отан сүйгіштікке және адамгершілікке тәрбиелеу; халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту; Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызметтерді сақтап, жүзеге асыру мақсаттарында құрылып қызмет етеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес қоғамдық бірлестіктер келесі ұйымдастыру-құқықтық үлгілер бойынша құрылуы мүмкін:

- қоғамдық бірлестік;

СЕМИНАР НА РАБОЧЕМ
МЕСТЕ

- қоғамдық қозғалыс;
- қоғамдық қор;
- қоғамдық мекеме.

Қоғамдық бірлестіктердің алдына қойған мақсаттары мен талаптары олардың қызметтерінің түрлері мен бағыттарына байланысты келесі топтарды атап өтуге болады.

Қоғамдық-саяси бірлестіктер қоғамның саяси өмірінде азаматтардың саяси еркіндігін қалыптастыруына әсерлік жасау арқасында қатысуды, мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайлауына кандидаттарды ұсынуды өз мақсаттарына қойған.

Ұлттық-мәдени бірлестіктер ұлттық және топтық әдет-ғұрыптардың, тіл, мәдениеттің дамуындағы және қайта өркендеуіндегі бағыттарды өз мақсаттарында ұстанады.

Кәсіптік одақтар еңбек ету маңыздылығына немесе әлеуметтік жағдайы бойынша сәйкес белгілі-бір кәсіптегі азаматтардың мүдесін қорғаумен айналысады.

Кәсіптік шығармашылық бірлестіктер бірлестік мүшелерінің шығармашылық қызметтерінің дамуына, сондай-ақ олардың құқықтарының қорғалуына қолайлы жағдайлардың жасалуын алға қойған.

Әлеуметтік-қайырымдылық бірлестіктер бірлестік мүшелерінің – ардагерлерді, мүгедектерді, және басқа да халықтық топтардың құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық қорғалуын қамтамасыз етеді.

Жеке топтарға жастардың, балалардың, әйелдердің қоғамдық бірлестіктерін бөліп шығаруға болады. Олардың қызметтері қоғам мүшелерінің құқын және бостандығын қорғау, белсенділігі мен дербестігін дамыту болып саналады.

Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» 2002 жылғы 15 шілдедегі № 344 Заңына сәйкес қоғамдық бірлестіктердің бір түрі саяси партия болып есептеледі.

Мемлекеттік биліктің өкілдік және атқарушы органдарында, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында және олардың қалыптасуына қатысатын азаматтардың, әр-түрлі әлеуметтік мүделері мен саяси еркіндігін білдіретін, топтардың Қазақстан Республикасы азаматтарының өз еркімен бірігуі саяси партия болып саналады.

ҚР Президенті Мұрағатының қоғамдық бірлестіктермен жұмыс істеу тәжірибесімен қоса қоғамдық бірлестіктерді түрі мен қызмет ету бағыты бойынша бөлуден басқа оларды құжаттаманы қамтамасыз ету (деңгейі) жайы бойынша бөлуге болады.

- бірінші топқа құрылымы бойынша мемлекеттік ұйымдарға ұқсас қоғамдық бірлестіктер енеді, өйткені, басқарма аппаратының штаттағы қызметкерлер саны, бюджетті қалыптастыру әдісі, кеңселері орныққан;

- екінші топқа штаттық саны, кеңесі жоқ қоғамдық бастамалармен жұмыс жасайтын бірлестіктер жатады. Олардың құжаттары басшылықта, бірлестік мүшелерінде сақталады.

2. ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ МІНЕЗДЕМЕСІ

Қоғамдық бірлестіктер топтарының көпжақтылығына, алға қойған міндеттері мен қызметтерді іске асыруының ерекшелігіне қарамастан, олардың қызмет барысындағы құралатын құжаттардың жалпы тобын жекелеуге болады.

Қоғамдық бірлестіктердің негізгі қызметтері бойынша құжаттары. Ұйымдық-өкімдік құжаттар қоғамдық бірлестіктердің құрылуы, қайта ұйымдастырылуы, таратылу үрдістерін, олардың ұйымдық құрылу жұмыстарын көрсетеді, бірлестіктер қызметтерінің негізгі бағыттарын, олардың міндеттерін, функцияларын сипатайды.

Ең алдымен бұл жинаққа қоғамдық бірлестіктердің **құрылтайшы құжаттары мен ұйымдастыру жөнінде, қайта ұйымдастыру, жойылу туралы құжаттарын** жатқызуға болады. Олардың құрамы Қазақстан Респубикасының заңдылығымен анықталған. Бұл – бірлестік Жарғысы, құрылтай съезінің **хаттамасы**, мәслихаттар немесе жалпы отырыстар, бөлімшелер **тізімі** (филиалдар мен өкілдіктер), бірлестіктің ұжымдық мүшелері, мемлекеттік тіркелуі жөнінде **куәлік** және заңды тұлғалар тізілімінен қоғамдық бірлестіктің алынуы.

Ұйымдық құжаттарына бірлестіктің **құрылымы** мен ұйымдық құрылысының сұлбасы, оның жұмыс **регламенті, штаттық кестелер**; бірлестіктің, оның алқалық органдарының комиссиялары мен бөлімшелері, (филиалдар) қызметтерін регламенттейтін, ережелер, нұсқаулар, сондай-ақ қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін анықтайтын құжаттар жатады. Көрсетілген құжаттар штаттық қызметкерлермен қамтылған ірі қоғамдық бірлестіктерде жинақталады.

Қоғамдық бірлестіктер қызметінің теориялық, практикалық негіздерін айқындайтын аса маңызды құжаттар болып **бағдарламалар** (саяси ұйымдарға арналған) және жоғарғы ұйымдарды басқару органдарының құжаттары болып табылады. Бұл съездер (конференциялар), жиналыстар **хаттамалары** оған қосымша құжаттарымен (**қаулылар, шешімдер, өтініштер, стенограммалар, ақпараттар, анықтамалар, мандаттық, есептеу, тексеру комиссиялар мәжілістерінің хаттамалары**). Одан басқа бірлестіктің басқару органдарының алқалық мәжілістерінің пленумдарының құжаттары (Кеңестердің, Бюроның және о. с.) тұрақты қызмет атқаратын комиссиялардың, сондай-ақ бірлестік басшылары мен оның орынбасарларының өкімдері.

Ұйымдық-өкімдік құжаттарға бөлімшелерге (филиалдарға) арналған бірлестік қызметінің бағытын жақсартатын құжаттар **нұсқаулар, ұсынымдарды** жатқызуға болады.

Қоғамдық бірлестіктерде жасалатын негізгі құжаттар кешені олардың тәжірибелік қызметін көрсетеді. Қоғамдық бірлестіктер қоғамдық қатынас жүйесінің құрылымдық элементі бола тұрып азаматтық қоғам бөлігіне

СЕМИНАР НА РАБОЧЕМ
МЕСТЕ

қызығушылық білдіреді. Қоғамдық бірлестіктермен жасалатын қызметтер саяси және әлеуметтік болуы мүмкін.

Қоғамдық бірлестіктердің маңызды саяси функцияларына іріктеу, өкілдіктер мен атқарушы билік органдарына кандидаттар ұсыну, әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелерді шешудің балама жолдарын әзірлеу болып табылады.

Қоғамдық бірлестіктер өзінің әлеуметтік қызметін атқара отырып әр-түрлі әлеуметтік, этникалық, жас аралық және халықтың басқа да санаттарына ұдайы қызығушылықтар таныта отырып саяси және мемлекеттік институттармен, қатардағы азаматтармен өзара байланыс орнауына араласып отырады.

Қоғамдық бірлестіктер қызметін құжаттауды, бірлестіктер жұмысы жөніндегі жоспарлардан, күнтізбелік **бағдарламалардан, есептер жинағынан** көруге болады. Қоғамдық-саяси бірлестіктер құжаттарының едәуір бөлігі биліктің заң шығарушы органдарының сайлау алды кампанияларына қатысуына арналған. Бұл кандидаттарды ұсыну бойынша жиындардың **хаттамалары**, оларды қолдау туралы **өтініштері, қарарлары, үндеухаттары, хат алмасулар, үгіт-насихаттау құжаттар** т.б.

Қоғамдық бірлестіктердің әлеуметтік базасын нығайтып кеңейтуге жол беретін үгіт-насихат жұмыстары маңызды бағыты болып санады. Бұл – насихаттау семинарларына арналған, **үгіттеу парақтары мен кітапшалар, әдістемелік материалдарды** дайындап басып шығару жаппай қоғамдық-саяси іс-шараларды (жиындар, митингілер, демонстрациялар, салтанаттар) және т.б. өткізу. Берілген құжаттар кешеніне «дөңгелек үстелдер» тақырыптық, сонымен қоса халықаралық конференцияларды ұйымдастырылуымен байланысты **анықтамалар, баяндамалар, бағдарламалар, хат алмасуларды** қосуға болады. Қоғамдық бірлестіктердің орталық органдармен өңірлік (жергілікті) бөлімшелермен өзара әрекеттестік жөніндегі (**есеп берулер, анықтамалар, ақпараттар, талдау жазбалары, хат-алмасу**) құжаттары қызығушылық тудырады.

Кейбір қоғамдық бірлестіктер қоғамдық көзқарастарды, республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды білу мақсатында әлеуметтік сауалдама жұмыстарын жүргізеді. **Сауалнама, сауалдама** парақтарының негізінде есеп берулер, талдау жазбалары дайындалып әлеуметтік сауалдама мен сауалнамаларды жүргізу жөнінде бағдарламалық құжаттар, әдістемелік материалдар құрастырылады.

Көптеген бірлестіктердің қор құжаттарындағы **азаматтар хаттары**, қоғамдық бірлестіктер мен олардың әлеуметтік базасы арасындағы қарым-қатынасының ауқымды кешенін құрайды.

Қоғамдық бірлестіктер өз ұстанымдарын нығайтып және әлеуметтік базаны кеңейту мақсатында әр-түрлі бағыттағы басқа да қоғамдық бірлестіктермен сонымен қоса халықаралық бірлестіктермен бірлесіп қызмет ету қажеттілігі туындайды.

Мәслихат **хаттамалары**, өзара байланыс орнату жөніндегі **шарттар мен келісімдер**, сонымен бірге бұл мәселелер бойынша мемлекеттік ұйымдармен

қоғамдық бірлестіктер арасындағы хат алмасулар, маңызды құжаттар топтамасын құрастырады.

Ұлттық-мәдени, жастар бірлестіктері қызметтеріндегі негізгі бағыттарының бірі мәдени-ағарту іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізу (ұлттық мейрамдар, лекциялар, көрмелер және т.б.), қайырымдылық акциялары, әлеуметтік-экологиялық бағдарламалар және т. б. Нәтижесінде: **ереже, бағдарламалар, жоспарлар, іс-шараларды өткізу сценарийлер** пайда болады.

Қоғамдық бірлестіктердегі құжаттар кешенінің көпшілігін полиграфиялық өнімдер құрайды.

Қоғамдық бірлестіктердің қызметін ашып көрсететін маңызды дереккөздерінің бірі олардың мерзімді баспасөздері – **газеттер, журналдар, ақпараттық бюллетендер** болып табылады. Оларда бағдарламалық құжаттар, бірлестіктердің қызметтері туралы ақпараттар, өтініштер, елдің қоғамдық-саяси өмірі жайлы маңызды оқиғалар бойынша жолдаулар, басшылардың және бірлестік мүшелерінің мақалалары, оқушы қауымның хаттары басылып шығады. Бұдан басқа қоғамдық бірлестіктер жариялау қызметімен айналысады. Өз басшыларының елдің қоғамдық-саяси өмірі жайлы мәселелердің, съездер, маслихаттар, материалдарын, бірлестіктердің мақсаттары мен міндеттерін **кітаптарда, кітапшаларда, буклеттерде, плакаттарда, үгіт-насихат материалдарында** жариялайды.

Бұл құжаттар топтамасына мерзімдік баспасөздерге арналған дайындық материалдары – мақалалардың қолжазбалары, сонымен қоса жарияланбағандары, басылым макеттері, оқырмандар хаттары енеді.

Қоғамдық бірлестіктер қорының құрамына тұрақты сақталуға мұражай заттары (**белгілер, эмблемалар**, қоғамдық бірлестіктердің рәміздері бейнеленген сувенирлер), ерекше жағдайда ғана қалдырылуы мүмкін, өйткені бұл заттар ұйымның құжаттық кешенін толықтырады.

Қаржылық және әкімшілік-шаруашылық құжаттар. Қоғамдық бірлестіктердің қаражаттары, егер олардың жарғысында төлем төлеуі көрсетілген болса, бастапқы және мүшелік жарналардан жиналады; өз еркімен берілетін жарналар мен қаражаттар; жарғысына сәйкес дәрістерінің, көрмелердің, спорт және басқа да іс-шаралардың, лотереяның өткізілуінен түскен табыстар; өндірістік және басқа шаруашылық қызметтерден келген табыстар; заңды актілермен тыйым салынбаған өзге де табыстардан құралады.

Заңды тұлға ретінде қоғамдық бірлестік ғимаратты, көлікті, құрал-жабдықтарды, бұқаралық ақпарат құралдарын, қаражаттарды жеке иелікке немесе жалға, алуына болады.

Қоғамдық бірлестіктердің қызметіндегі қаржы-шаруашылығының құжатталуы жалпыға ортақ тәртіппен жүргізіледі.

Қоғамдық бірлестіктерде бастапқы (**есеп шоттар, төлем тапсырмалары, шарттар**) қаржы-шаруашылық құжаттамасынан басқа қоғамдық бірлестіктің қаржысын пайдалану туралы есеп берулер, **жылдық және тоқсандық бухгалтерлік есеп берулер** дайындалады. Мүшелік жарналардың және өз

СЕМИНАР НА РАБОЧЕМ
МЕСТЕ

еркімен берілген қаржылардың түсуі мен олардың нақты бір мақсатқа және іс-шараларға жұмсалуды жөніндегі құжаттар біршама қызығушылықтар тудырады.

Қоғамдық бірлестіктердің кәсіпкерлік қызметтері туралы құжаттары шарттармен, есеп берулермен, анықтамалармен берілген.

Қоғамдық бірлестікке мүше болу құжаттары. Мүшелік негізіндегі қоғамдық бірлестіктерде қоғамдық ұйымға кіруі жөніндегі құжаттар кездеседі (**өтініштер, сауалнамалар, есепке алу карточкалары, мүшелікте тұрғандығын қадағалайтын тізімдер және басқа да құжаттар**).

Қоғамдық бірлестіктердің жеке құрамы бойынша құжаттары. Штаттық және штаттан тыс қызметкерлері бар қоғамдық бірлестіктерде жеке құрамы бойынша құжаттар құрылады. Олардың құрамы мемлекеттік ұйымдарда Заңға сәйкес құрылатын құжаттарға ұқсас (**жұмысқа қабылдау, орын ауыстыру, жұмыстан шығару, сыйақы беру туралы бұйрықтар, еңбек шарттары, дербес есепшоттар, еңбек жалақысын есептеу тізімдемесі, жинақтаушы зейнетақы ақшаларын аударуға арналған төлемді тапсырыстар мен жеке тұлғалар тізімі, жеке істер**).

Бұл топтар арасындағы материалдардың ішінде қоғамдық бірлестіктері басшыларының **жеке істері** ерекше қызығушылық тудырады.

Арнайы жеткізгіш құралдарындағы құжаттар. Қоғамдық бірлестіктер өзінің қызмет ету процессінде дәстүрлі жеткізгіштердегі (қағаздық негіздегі) құжаттардан басқа аудиовизуалды құжаттарды (киноқұжаттар, фотоқұжаттар, үнқұжаттар, бейнехаттар) машинадағы құжаттар құруы мүмкін.

Ең жиі кездесетін съездер, мәслихаттар, пленумдар мәжілістерінің, дәрістердің және басқа да іс-шаралардың бейне жазбалары. Қоғамдық бірлестіктердің сайлау алды кампаниялар кезіндегі таралатын үгіт-насихат бейне жазбалары (қоғамдық бірлестіктердің мақсаттары мен міндеттерін насихаттайтын басшылар сөзінің жазбалары) кеңінен ұсынылған.

Әр-түрлі қоғамдық-саяси іс-шаралар жайлы фотоқұжаттар, (**негативтер, позитивтер, фотоальбомдар**) сондай-ақ бірлестік мүшелерінің топталған суреттері қызығушылық тудырады. Қоғамдық бірлестіктер құжаттарын тұрақты сақтауға іріктеу мәселелерін шешу кезінде олардың құрамының ерекшеліктерін міндетті түрде есепке алу қажет.

Арнайы жеткізгіштердегі құжаттар жеке тізімдемелерде сипатталады.

3. ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫН САРАПТАУ ЖӘНЕ ТІЗІМДЕУ

Құжаттар құндылығын сараптаудың жалпы ережелері

Қазіргі саяси тарих және республиканың қоғамдық өмірінің тарихы жайлы толыққан дереккөз базасын қалыптастыруда тұрақты сақталуға жататын құжаттар құрамын анықтау бойынша жұмыстар кешені едәуір күрделі болып саналады.

Құжаттар құндылығын сараптап және олардың сақталу мерзімдерін анықтау кезінде «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде

құралатын үлгілік құжаттардың сақтау мерзімдері көрсетілген тізбесі» (Астана, 2009) қолданылады.

Тұрақты сақталуға жататын құжаттар құрамы, олардың құндылығын сараптау нәтижесінде анықталады. Қоғамдық бірлестіктер құжаттарының құндылығын сараптау, мұрағаттық тәжірибелер процессінде қалыптасқан дәстүрлі өлшемдермен негізделеді.

- 1) **құжаттардың шығу тегі** (қоғамдық бірлестіктер қызметінің мақсаттық тағайындаулары оның ерекше рөлдерімен қоса, құжаттың мінездемесі, уақыты және орындалған жері);
- 2) **құжаттың мазмұны** (құжаттағы ақпараттың алатын орны, құжаттағы ақпараттың басқа құжаттарда қайталануы, сонымен бірге оның бірегейлігі, типтілігі немесе қайталануы, құжаттың түрі, оның түпнұсқасы);
- 3) **құжаттың сыртқы ерекшеліктері** (құжат мазмұнының берілу үлгісі, куәлігі, құжаттың рәсімделуі, құжаттың физикалық жағдайы, қордың сақталу деңгейінің толықтылығы).

Қоғамдық бірлестіктердің құжаттарын тұрақты сақтауға іріктеуде өте сақтықпен және жеке қатаңдықпен қарау қажет. Әр-түрлі нақты жағдайларда бірлестік дәрежесінің өзіндік маңыздылығын, қалыптасу кезеңінің күрделілігін, ерекшелігін, кейбір тұстағы жетіспеушіліктерін, оның іс-жүргізудегі ұйымдастырылуын есепке алу керек. Алайда құжаттар құндылығын сараптаудың маңызды принциптері қоғамдық бірлестіктер құжаттарына да қатысты жүргізіледі.

Құжаттар құндылығына сараптауды жүргізу кезінде қоғамдық бірлестіктер құжаттамасының принциптеріне әсер ететін бірнеше факторларды есепке алу қажет.

- бірлестіктің топтары және ұйымдастыру-құқықтық нормалары;
- іс-жүргізуді ұйымдастыру жағдайлары;
- дыбыс-, сурет-, бейнетехникалардың болуы.

Қоғамдық бірлестіктің түрі мен үлгісіне оның жасайтын құжаттамалық материалдарының көлемі, құрамы мен тақырыбына байланысты. Ғылым, мәдениет саласындағы қоғамдық бірлестіктер қызметінің құжаттамасы, ұйымдастырылу тәртібі мен қызмет ауқымының мақсаттары мен міндеттерінің әртүлігіне байланысты, саяси партия қызметінің құжаттамасының толықтылығынан және оның қорындағы құжаттар құрамынан едәуір өзгеше болып келеді. Құжаттар құндылығын сараптау кезінде, әрбір қоғамдық бірлестік құжаттарының нақты құрамын анықтап алу қажет.

Қоғамдық бірлестіктерде іс-жүргізу қызметтерінің болуынан олардың қызметтері жөнінде құжаттық ақпараттардың едәуір толықтылығын байқауға болады. Көп жағдайларда қоғамдық бірлестіктерде іс-жүргізу жөнге келтірілмеген, құжаттар мемлекеттік ұйымдардағыдай көп жүргізілмейді, ондағы құжаттар ұйымның қызметтері жөнінде толық мәліметтер бермейді. Кей кездері маңызды іс-шаралар құжатталынбай, ал тарихи емес теориялық құндылықтарын жоғалтқан құжаттар жойылуы мүмкін. Сондықтан қоғамдық

СЕМИНАР НА РАБОЧЕМ
МЕСТЕ

бірлестіктердің қызмет процессінде қалыптасатын әрбір құжатқа мейлінше ықыласпен қарау қажет.

Егер қоғамдық бірлестіктерде дыбыс-, фото-, бейнетехникалар болса, онда тек безендіретін ғана емес сонымен бірге дәстүрлі жеткізгіштердегі көптеген құжаттарды толықтыратын аудиовизуалды құжаттар жасауына болады. Бұл құжаттар құндылығына сараптау жүргізуге кешенді түрде қажеттіліктер тудырады.

Құжаттар құндылығын сараптау мәселелерін қарастырғанда және құжаттарды тұрақты сақтауға іріктеуде қоғамдық бірлестіктің бастапқы даму кезеңдеріндегі құжаттарға, олардың негіздері жаңа қалыптасып және сондағы қызметінің құжаттауы ең аз болғанына ерекше назар аудару қажет.

Қоғамдық бірлестіктердің құжаттарымен жұмыс жасау тәжірибесін қоғамдық бірлестіктер құжаттамасына тән бірнеше ерекше тұстарын көрсетеді.

Жинақталған немесе есеп беру құжаттары сирек жүргізілген жағдайда ұйым қызметіндегі құжаттама ерекшеліктерімен байланысты құжаттарда ақпараттар қайталанбайды. Сондықтан да құжаттарды іріктеу кезінде бастапқы құжаттамамен жалпы сипаттағы құжаттарға ерекше назар аудару қажет. Қоғамдық бірлестік қызметінің қаржыландыру мәселелерін айқындау кезінде жинақталған бухгалтерлік құжаттарды (есеп берулер, сметалар) болмаса, тізімдемеге бастапқы қаржылық құжаттар – мүшелік жарналарды төлеу тізімдемесі, демеушілерден қаржылық көмек алуы және қаржыларды бөлу жөніндегі төлем құжаттары енеді.

Қоғамдық бірлестіктерге тиесілі хат-алмасулардың маңыздылығын атап өту керек. Онда басқа да қоғамдық бірлестіктермен, ұйымдардың орталық органдармен жергілікті өңірлік бөлімшелермен байланысы жайлы қызметтерінің аспектілері көрсетілген.

Қоғамдық бірлестіктерде дайындалатын құжаттардың басым бөлігі үгіт-насихаттау жөнінде және олар таралуға арналған (**үндеухаттар, өтініштер, жолдаулар, плакаттар, кітапшалар**). Еске сала кететін мәселе типографиялық және баспа даналары әркез сақталынбайды. Таралым даналары қоғамдық бірлестік қорында қалдырылуы керек.

Қоғамдық бірлестіктің мерзімдік баспасөздері мен басылым өнімдері де қоғамдық бірлестіктің қорында болуы керек.

Қоғамдық бірлестіктер құжаттарында әр-түрлі авторлардың көптеген нұсқаларымен құжаттардың жобалары жинақталып қалады. Егер құжаттардың нұсқалары немесе жобалары бекітілген құжаттардан біршама өзгеше болса, сондай-ақ егер олар жекеленген болса (қоғамдық бірлестіктің әр мүшесімен жазылған болса), онда олар, міндетті түрде, ұйымдардың қорында болуы тиіс, өйткені ұйымдар қызметіндегі принциптердің әр-түрлі көзқарастарын ашуға, қоғамдық бірлестіктің дамуының негізгі кезеңін көрсетуге септігін тигізеді.

Қоғамдық бірлестіктердің құжаттары көп жағдайда жалпыға бірдей іс-жүргізу жүйесіне сәйкес рәсімделмейді, олардың көпшілігінде құжаттардың шынайылығы жөніндегі заңды деректемелері (қолдары, мөрлері және с.с.)

көрсетілмеген, көп жағдайда құжаттардың мерзімі қойылмайды, көшірмелері куәландырылмайды. Мұндай жағдайларда құжаттарды атрибуциялау (құжаттың авторын, мерзімен белгілеу) жұмыстарын міндетті түрде жүргізу қажет. Егер құжаттардың құндылығын сараптау жұмыстары мемлекеттік мұрағатта жүргізілсе, оған қоғамдық бірлестіктердің қызметкерлері қатысуы тиіс.

Тұрақты сақтауға құжаттардың түпнұсқалары өткізілуі тиіс, олар болмаған жағдайда куәландырылған көшірмелері беріледі.

Құжаттардың сыңарлы даналары болса тұрақты сақтауға жақсы физикалық жағдайдағы, қажетті қолдары, мөрлер мен басқа да деректемелері бар құжаттар іріктеліп алынады.

Қоғамдық бірлестіктердің тарихы бойынша құжаттардың толықтырылған кешенін қалыптастыру үшін, бірқатар жағдайларда тұрақты сақтауға шынайылығы жөніндегі заңды деректемелері (қолдары, мөрлері) жоқ, бірақ ақпараттық құндылығы бар құжаттарды алуға болады және алу қажет. Бұл – куәландырылмаған көшірмелер, құжаттардың ксерокөшірмесі. Алайда мұндай құжаттар (шимайжазба, макет, нұсқа) жоба мәртебесі дәрежесінде ғана болып қалады. Мұндай құжаттарды тізімдемеге алған кезде олардың көшірме екендігіне (істің атауларында немесе алғы сөзде) сілтеме жасалуы қажет. Көшірмелер мен ксерокөшірмелерді қоғамдық бірлестіктің сенімді тұлғасына куәләндірілуі тиіс.

Кейбір қоғамдық бірлестіктерде құжаттарды сақтау жекелеген компьютерлерде автоматтандырылған деректер базасы түрінде ұйымдастырылған. Қор құрамына міндетті түрде ұйым басшылығының қолы қойылған немесе тиісті тәртіппен куәләндырылған электрондық құжаттар (дискі) және құжаттың компьютерде басып шығарылған нұсқасы өткізіледі. Куәләндырылмаған компьютерде басылған нұсқасы да құжат жобасы дәрежесіне ие бола алады, ол туралы тізімдеу кезінде көрсету қажет.

Қоғамдық бірлестіктер құжаттарының құндылығын сараптау кезінде жетіспейтін құжаттарды іздеп табу жұмыстары жүргізіледі.

Құжаттар құндылығына сараптама жүргізу тәртібі

Құжаттардың құндылығын сараптау жұмыстары Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорының құрамына (бұдан әрі Ұлттық мұрағат қоры) енетін құжаттарды іріктеу, оларды мемлекеттік мұрағатқа тұрақты сақтауға өткізуге дайындау және Ұлттық мұрағат қор құрамына жатпайтын құжаттардың сақталу мерзімдерін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Тұрақты және уақытша мерзімге сақталынатын құжаттар құндылығын сараптау жұмыстары бірнеше кезеңдерде жүзеге асырылады:

- іс-жүргізу процессінде;
- ведомстволық мұрағатта;
- мемлекеттік сақтауға өткізу кезінде.

Қоғамдық бірлестіктердің іс-жүргізу процессінде қалыптасқан құжаттарға баға беруінің мақсатында құжаттарды тұрақты және уақытша (10 жылдан аса),

СЕМИНАР НА РАБОЧЕМ
МЕСТЕ

уақытша (10 жылға дейін) сақталатын, сақтау мерзімі аяқталып жойылуға дайындалған құжаттарды іріктеу.

Құжаттарды алдын-ала бағалау басқару қызметтері мен олардың құжаттамасын салалап меңгеру негізінде жүзеге асады.

Құжаттар құндылығын сараптау жұмыстары істерді парақтап қарау арқылы жүргізіледі. Өңдеу жұмыстарын жүргізу кезінде құжаттардың сақтау мерзімдері көрсетілген үлгілік тізбесі, тұрпатты (үлгілік) істер номенклатурасы және қоғамдық ұйымның тиісті мерзімге арналған істер номенклатурасы қолданылады.

«СТК» белгісі бар істерге ерекше мән беріледі, сондай-ақ «Қажеттілігі өткенге дейін», «Жаңамен ауыстырғанға дейін», «Тексеріс аяқталған жағдайда» және т.с. «СТК» белгісі істердің құрамында құнды құжаттардың бар екендігін көрсетеді, сондықтан олардың сақтауға өткізу жөнінде немесе жойылу туралы соңғы шешімі тек құжаттармен танысып, сараптау комиссиясымен келісуімен, басқарушы органның СТК келісілуінен кейін қабылдануы тиіс.

Көрсетілген басқа белгілер құжаттардың сақтау мерзімдерін істердің басым көпшілігіне тән іс-жүргізудің аяқталу уақытынан емес, қандайда бір жұмыстардың бітуінен, құжаттардың мерзімдерінің аяқталуын, қандай да бір мәселенің біржола шешілген және т. б. жөнділік санауын маңыздайды. Істерді қалыптастыру процессінде сақтау мерзімдері нақтыланады.

Құжаттар құндылығын сараптау кезінде оларды міндетті түрде топтарға бөліп және сақтау мерзімдерінің ұзақтылығына байланысты рәсімделеді:

- тұрақты және уақытша (10 жылдан аса) сақталатын істерге тізімдемелер құрастырылады;
- 10 жылға дейінгі мерзімде сақталатын құжаттарға тізімдемелер құрастырылмауына болады.
- құрылымдық бөлімшелерде қысқа мерзімді анықтамалық мағынадағы құжаттар (5 жылға дейін) номенклатура бойынша есепке алынып сақтау мерзімдері аяқталуымен акті бойынша жойылады.

Құжаттардың құндылығын сараптау ұйымдық-өкімдік және жоспарлы-есептік құжаттармен танысу арқылы басталады. Сонымен бірге бұл құжаттар түпнұсқаларының даналары қандай құрылымдық бөлімшелерде екендігі анықталады. Басқа да құжаттардағы ақпараттардың қайталану мінездемесі: түрі, үлгісі, қайталану толықтылығы анықталады. Қайталанған ақпараттық құжаттар жойылуға іріктеледі немесе олардың мұрағаттық қор құрамына сақталуға қажетті негіздері көрсетіледі. Мұрағаттық қорлардың сақталу толықтылығы анықталады және де кейбір құжат санаттарының болмау жағдайында олардың орнын толықтыру жолдары қарастырылады.

Құжаттардың құндылығын сараптау нәтижелерін рәсімдеу

Құжаттардың құндылығын сараптаудың нәтижелері бойынша келесі құжаттар құрастырылады:

- ◆ тұрақты сақталудағы істер тізімдемесі;
- ◆ уақытша (10 жылдан аса) сақталудағы істер тізімдемесі;

- ◆ сақталуға жатпайтын құжаттардың, жойылуы туралы актісі;

Істер тізімдемесі алғашқы анықтама құралы болып саналады, оның негізінде басқа да ақпараттық-іздістіру анықтамалары құрастырылады. Тізімдеме бір мезетте үш маңызды қызметтерді атқарады:

- ◆ істердің есепке алынуын қамтамасыз ету;
- ◆ олардың қор ішінде жүйеленуін бекіту;
- ◆ құжаттамалық кешеннің мазмұны мен құрамын сипаттау.

Істер тізімдемесі құжаттар құндылығының сараптауынан өткен, тұрақты және ұзақ мерзімге сақталуға қойылатын талаптарына сәйкес қалыптасып, рәсімделген істерге құрастырылады. Сараптау нәтижесінде тарихи құндылығы жоқ деп саналған құжаттар, сақталуға жатпайтын құжаттардың жойылуы туралы актіге енгізіліп қоғамдық бірлестіктің басшысымен бекітіледі.

4. ТІЗІМДЕМЕНИ ҚҰРАСТЫРУ КЕЗІНДЕГІ ІСТЕРДІҢ ЖҮЙЕЛЕНУІ

Қоғамдық бірлестіктің тізімдемесіндегі істер анықталған жолдармен жүйеленеді.

Қоғамдық бірлестіктер үшін тізімдемедегі істердің жүйеленуінде негізінен екі белгісі қолданылады, біріншісі – хронологиялы-құрылымдық, мұнда істер нақты жылдың басталуымен аяқталуына дейін, ал ішінде бірлестікте жүргізілетін құрылымы бойынша орналасады.

Екіншісі, хронологиялы-атаулы, ұйымның құрылымы жоқ немесе қорлар көлемі бойынша шағын болып келетін қорлардың істерін жүйелеуде қолданылады. Бастапқыда істер хронология бойынша, ал әрбір жылдық тараулар ішінде істердегі (маңыздылығы бойынша) құжат түрлері бойынша жүйеленеді. Мысал ретінде тізімдеменің үлгісі берілген, мұнда істер хронологиялы-атаулы белгілер бойынша жүйеленген (2 қосымша).

Жүйелеу кезінде мемлекеттік мұрағатпен келісілген істер номенклатурасы пайдаланылады, мұнда нақты белгілер көрсетіліп қойылған.

Ең алдымен Жарғы немесе Ережеге сәйкес жоғарғы басшы органдарының құжаттары орналасады.

Съезд және оған қатысты құжаттар (Жарғылар, хаттамалар, қаулылар, стенограммалар, баяндамалар, сөз сөйлеушілер мәтіндері, қарарлар немесе съездер арасындағы басқа да жұмыс үлгілері)

Пленумдар және оған қатысты құжаттар

Есептік-сайлау конференциялары және оған қатысты құжаттар

Жиналыстардың хаттамалары және оған қатысты құжаттар

Белсенділер жиналыстарының хаттамалары және оған қатысты құжаттар

Конференциялар, «дөңгелек үстелдер» өткізу жөніндегі құжаттар

Бұйрықтар, өкімдер

Орталық органдардың мәжілістерінің аппараттық кеңестерінің хаттамалары

Аппарттың штаттық кестелері

Жұмыс жоспары

Бірлестіктің немесе орталық аппараттың жұмысы жайлы есеп беруі

СЕМИНАР НА РАБОЧЕМ
МЕСТЕ

Жылдық шығын сметалары

Шығын сметасының орындалуы жайлы жылдық есеп берулері

Хат-алмасу, жұмысы жайлы анықтамалар

Бірлестік мүшелерінің есепке алу (есепке алу карточкасы, сауалнама, өтініш және т.б.) құжаттары сияқты қоғамдық бірлестіктің арнаулы құжаттары полиграфиялық өнімдер, мұражай заттары және басқалары көлеміне байланысты жеке тізімдемеде сипатталады.

Көп жағдайда ұйымдарға мүше болу жөніндегі құжаттар көлемі ауқымды емес, сондықтан да оларды тұрақты сақтаудағы басқармалық құжаттар тізімдемесіне енгізуге болады. Істер тиісті жылдық тарауларға енгізіліп, әрбір тараудың ішінде құжаттардың түрлері бойынша орналасады.

Полиграфиялық өнімдердегі істер тізімдемесінде істер хронологиялы – тақырыптық белгі бойынша жүйеленуі мүмкін (сақтау белгілері ең алдымен хронология бойынша, әр жылдың ішінде жеке тақырыптар бойынша) немесе тақырыптық – хронологиялық (істер тақырыптар бойынша (мәселелер) топталады), ал әрбір тақырыптың ішінде хронология бойынша) принциптер бойынша.

Мұражай заттары тұрақты сақталудағы құжаттар тізімдемесінің соңында орналасады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша қоғамдық бірлестіктердің құжаттары қазіргі қоғамның әлеуметтік-саяси тарихын сипаттайтын маңызды тарихи дереккөзі болып саналады.

Қоғамдық бірлестіктердің құжаттарының құндылығын сараптау кезінде олардың іс-жүргізу жүйесіндегі, құжаттардың құрамы мен мазмұнындағы арнаулы ерекшеліктерін есепке алып отырған жөн. Осы бір ерекшеліктерді есепке ала отырып оларды тұрақты сақтауға іріктеу кезінде ұқыптылықпен қараған дұрыс.

1-қосымша

Тұрақты сақталудағы істер тізімдемесінің алғы парағының
үлгісі

Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты

«Отан» Республикалық саяси партиясы (РСП) Қоғамдық
бірлестігі»

1999 ж. 19 қаңтары -

Алматы қ.

№ 176-Н мұрағаттық қоры
2004 ж. тұрақты сақталудағы
істердің № 1 (жалғасы)
тізімдер жинағы

Астана, 2009

**СЕМИНАР НА РАБОЧЕМ
МЕСТЕ**

2-қосымша

Тұрақты сақталудағы істер тізімдемесінің үлгісі

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы
Президенті Мұрағатының
СТӘК № __ хаттамасымен
_____ 2010 ж.

БЕКІТЕМІН

«Отан» Республикалық
саяси партиясы қоғамдық
бірлестігінің төрағасы
_____ Б. Тұрсынов
_____ 2009 ж.

**№ 135-Н мұрағаттық қоры
2004 ж. тұрақты сақталудағы істердің
№ 1 (жалғасы) тізімдер жинағы**

№ р/н	Құрылымдық бөлімшелердің атаулары, іс атауы (томы, бөлігі)	Бастапқы және соңғы мерзімдері	Парақ- тар саны	Ескер- ту
1	2	3	4	5
56.	«Отан» РСП 2004 ж. 2 ақпанындағы VI съездінің хаттамасы және оған қатысты құжаттар. Қазақ, орыс тілдерінде		45	
57.	«Отан» РСП 2004 ж. 2 ақпанындағы VI съездінің стенограммасы Қазақ, орыс тілдерінде		32	
58.	«Отан» РСП 2004 ж. 2 ақпанындағы VI съездінің Қаулысы. Қазақ, орыс тілдерінде		42	
59.	«Отан» РСП 2004 ж. 2 ақпанындағы VI съезіне қатысушылар тізімдері. Қазақ, орыс тілдерінде		250	
60.	«Отан» РСП VI съездіне қатысушылар сауалнамасы (А-Я)		230	
61.	«Отан» РСП партия төрағасының № 1-34 қабылдау туралы қаулылары	9 қаңтар 2004 ж. – 23 қыркүйек 2004 ж.	34	
62.	«Отан» РСП негізгі қызметтері бойынша Саяси	6 қаңтар 2004 ж. – 17	56	

	бюро Кеңесінің № 1-4 қаулылары	қараша 2004 ж.	
63.	«Отан» РСП негізгі қызметтері бойынша төраға орынбасарының қаулысы № 1-222	4 қаңтар 2004 ж. – 20 желтоқсан 2004 ж.	236
64.	«Отан» РСП негізгі қызметтері бойынша төраға орынбасарының бұйрықтары № 1-126	6 қаңтар 2004 ж. – 14 желтоқсан 2004 ж.	52
65.	«Отан» РСП Саяси бюро Кеңесінің хаттамалары № 1-20	25 қаңтар 2004 ж. – 20 қараша 2004 ж.	140
66.	«Отан» РСП Саяси кеңесі бюросының хаттамаларына қатысты құжаттар	6 қаңтар 2004 ж. – 20 қараша 2004 ж.	160
67.	«Отан» РСП төраға орынбасарындағы аппараттық мәжілістерінің хаттамалары № 1-8	8 қаңтар 2004 ж. – 26 желтоқсан 2004 ж.	56
68.	2004 ж. 20 тамыздағы «Экономикалық тұрақтылық демократиялық дамудың негізі» конференцияның дайындалуы мен өткізілуі жайлы (сөйлеушілер мәтіндері, ақпараттар, анықтамалар, мәліметтер) құжаттар		80
69.	«Отан» РСП 2004 ж. орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері туралы ереже		8
70.	«Отан» РСП 2004 ж. арналған орталық аппаратының штаттық кестесі		8
71.	«Отан» РСП 2004 ж. арналған облыстық филиалдарының штаттық кестесі		80
72.	«Отан» РСП облыстық және қалалық филиалдарының		100

СЕМИНАР НА РАБОЧЕМ
МЕСТЕ

	жұмыс жоспарлары	
73.	«Отан» РСП орталық аппараттың 2004 ж. жұмысы туралы есеп беруі	23
74.	«Отан» РСП облыстық филиалдардың жұмысы жөнінде 2004 ж. есеп беруі	156
75.	2004 ж. арналған шығындар сметасы	113
76.	2004 ж. жылдық бухгалтерлік есеп беру	22
77.	«Отан» РСП 2004 ж. сайлауалды іс-шараларды өткізу желілік кесте	105
78.	2004 ж. арналған республикалық және жергілікті телеканалдардағы «Отан» РСП қызметтерін көрсететін ақпараттық көріністердің медиа- жоспары	88
79.	«Отан» РСП орталық аппаратының негізгі қызметтер мәселелері бойынша облыстық филиалдармен хат-алмасуы	12 тамыз 2004 ж. – 16 қыркүйек 2004 ж.
80.	2004 ж. Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің депутаттығына сайлауына Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі сайлау округтерінің электрондық төлқұжаттары	111
81.	«Отан» РСП ұсынылған Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидаттардың сенімді өкілдері туралы мәліметтер	28 шілде 2004 ж. – 26 тамыз 2004 ж.

82.	«Отан» РСП ұсынылған Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидаттарға көмек ретінде ақпараттық- анықтамалық құжаттар, 2004 ж. шілде, Астана. Қазақ және орыс тілдерінде	67
83.	2004 ж. арналған ұлттық, мемлекеттік, кәсіби мейрамдар, оқиғалар, атаулы күндер күнтізбесі	20
84.	«Отан» РСП пресс- релиздері Қазақ және орыс тілдерінде	1 маусым 2004 ж. – 2 шілде 2004 ж. 33
85.	«Отан» РСП сайлауалды кампаниясы жарнамалы- ақпараттық қолдаулар шеңберінде 2004 ж. Астана	25
86.	«Отан» РСП 2004 ж. сайлауалды кампаниясының басылған жарнамалық өнімдері	46

Берілген жинақталған тізімдемелер тарауына 29 (жиырма тоғыз)
іс № 56 дан № 86 дейін, сондай-ақ:
арнайы нөмірлер – жоқ,
енгізілмей қалған нөмірлер – жоқ.

Бас маман

Р. Жанаева

МАҚҰЛДАНҒАН

«Отан» РСП СК № 4
Хаттамасымен
2009 ж. 20 желтоқсанында

**СЕМИНАР НА РАБОЧЕМ
МЕСТЕ**

3-қосымша

Жойуға бөлу туралы актінің үлгісі

«Отан» Республикалық саяси **БЕКІТЕМІН**
партиясы» Қоғамдық
бірлестігі

«Отан» Республикалық саяси
партиясы Қоғамдық бірлестігінің
төрағасы

Б. Тұрсынов
_____ 2009 ж.

№ 1 Акт

Алматы қ.
15.12.2009 ж.

**Сақталуға жатпайтын
құжаттарды жойуға бөлу**

«Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде жасалатын, сақтау мерзімдері көрсетілген, құжаттардың тұрпатты тізбесі» (Астана, 2009) негізінде «Отан» Республикалық саяси партиясы» Қоғамдық бірлестігінің 2003–2004 жж. аралығындағы № 135-Н мұрағаттық қор құжаттарының ғылыми-тарихи құндылығын жоғалтқан және тәжірибелік мағынасынан айырылған құжаттар жойылуға іріктелген.

№ р/н	Істер атаулары немесе топталған істер атауы	істер мерзімдері немесе соңғы мерзімдері	Істер саны	тізбе бойынша істердің сақталу мерзімдері (томдары) және баптардың нөмірлері	Ескерту
1	2	3	4	5	6
1.	«Отан» РСП Орталық аппараты құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс жоспары	2004 ж.	1	3 жыл 94 (3) тармақ	
2.	«Отан» РСП құрылымдық бөлімшелерінің қызметтері туралы есеп берулер	2004 ж.	1	3 жыл 215 (4) тармақ	
3.	Еңбек демалысы,	2003–2004 ж.	2	5 жыл 6 тармақ	

	іссапарларға жіберілуі жайлы бұйрықтар			
4.	Бұйрықтарға негіздемелер (демалыс алу, материалдық көмек, үстемақы берілуі туралы өтініштер)	2003–2004 жж.	2	1 жыл 7 тармақ
5.	Құқықтық мәселелер бойынша партия филиалдарымен, басқа ұйымдармен хат-алмасуы	2004 ж.	1	3 жыл 63 тармақ
6.	Партия қызметінің ұйымдастыру мәселелері бойынша орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерімен хат-алмасуы	2004 ж.	1	СТК 5 жыл 51 тармақ
7.	Қаржылық мәселелер бойынша партия филиалдарымен, басқа ұйымдармен хат-алмасуы	2004 ж.	1	5 жыл 32, 135 тармақтар
8.	Кассалық және мемориалдық тәртіптің бухгалтерлік құжаттары	2003–2004 жж.	10	5 жыл 180, 186 тармақтар
9.	Фельдбайланысы арқылы жіберілген құжаттар тізімдері	2003–2004 жж.	2	1 жыл 70 тармақ

СЕМИНАР НА РАБОЧЕМ
МЕСТЕ

Барлығы: 2003–2004 жж. 21 (жиырма бір) іс

2004 ж. тұрақты сақталудағы жинақталған тізімдеме тараулары
Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының
_____ 2009 ж. № ___ хаттамасымен бекітілген.

Бас маман

Р. Жанаева

КЕЛІСІЛГЕН

МАҚҰЛДАНДЫ

Қазақстан Республикасы
Президенті Мұрағатының
СТӨК № 30 хаттамасымен
2009 ж. 25 желтоқсанында

«Отан» РСП СК № 4 Хаттамасымен
2009 ж. 20 желтоқсанда

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Заңы 1998 ж. 22 желтоқсан № 326-1
2. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңы 1996 ж. 31 мамыр № 3
3. Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» Заңы 2002 ж. 15 шілде № 344
4. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардағы құжаттау мен құжаттаманы басқарудың тұрпатты ережелері, Астана, 2009 ж.
5. Ведомстволық мұрағаттар жұмыстарының негізгі ережелері, Астана 2003 ж.
6. Удмурт Республикасы қоғамдық бірлестіктерінің құжаттар құндылығын сараптау және тәртіпке келтіру. Әдістемелік құрал. Удмурт Республикасының Үкіметі жанындағы Мұрағаттар ісі жөніндегі комитет ММ «УР Қазіргі заман тарихы құжаттарының орталығы», Ижевск, 2008
7. М. П. Жукова Мемлекеттік мұрағаттарды басқармалық құжаттармен толықтыру және құжаттар құндылығын сараптау. Отандық мұрағаттар. 1995. № 6. 3 п.
8. З. П. Иноземцева, Н. Д. Курносков – Жаңа кезең – жаңа мәселелер. Мемлекеттік мұрағаттарды қоғамдық қозғалыстардың құжаттарымен толықтыру. Отандық мұрағаттар. 1992 № 6. 11–15 п.
9. А. В. Изварин. Мемлекеттік мұрағаттарды қазіргі заман қоғамдық саяси бірлестіктердің құжаттарымен толтыруы. (үлгілерінен РГАСПИ мен ЦАОПИМ-нің). Отандық мұрағаттар. 2006 № 5. 39-43.

АБДУКАДЫРОВА Д. Ю.

Начальник Управления комплектования
и документации Архива Президента РК

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ЭКСПЕРТИЗЕ ЦЕННОСТИ ДОКУМЕНТОВ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ

ВВЕДЕНИЕ

Архив Президента Республики Казахстан ведет работу по сбору и приему на постоянное хранение документов общественных объединений, среди которых политические партии, общественные фонды, национально-культурные, ветеранские и другие общественные объединения. Документы, образующиеся в процессе их деятельности, представляют интерес для изучения различных аспектов социально-политической истории современного общества. В соответствии с п.3 ст. 7 Закона Республики Казахстан «О Национальном архивном фонде и архивах» от 22 декабря 1998 г. № 326-1 ЗРК документы негосударственных юридических лиц и их объединений, образовавшиеся в результате их деятельности или собрания (приобретения) относятся к частной собственности. Работа Архива Президента Республики Казахстан с общественными объединениями строится на основе договора о взаимоотношениях и сотрудничестве в области архивного дела и документационного обеспечения управления.

Состав документов и особенности документирования деятельности общественных объединений вызывают необходимость нетрадиционного подхода в вопросах экспертизы ценности документов и отбора их на постоянное хранение.

1. ВИДЫ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ

Политические и экономические процессы конца 80-х, 90-х годов XX века стимулировали общественную активность населения. Наряду с существующими политическими, творческими, профессиональными объединениями начали возникать общественные объединения нового типа. В соответствии с Законом Республики Казахстан «Об общественных объединениях» от 31 мая 1996 г. общественные объединения создаются и действуют в целях реализации и защиты политических, экономических, социальных и культурных прав и свобод, развития активности и самостоятельности граждан; удовлетворения профессиональных и любительских интересов; развития научного, технического и художественного творчества, охраны жизни и здоровья людей, охраны окружающей природной среды; участия в благотворительной деятельности; проведения культурно-просветительной, спортивно-оздоровительной работы; охраны памятников истории и культуры; патриотического и гуманистического воспитания; расширения и укрепления международного сотрудничества; осуществления иной деятельности, не запрещенной законодательством Республики Казахстан.

В соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан общественные объединения могут создаваться по следующим организационно-правовым формам:

- общественное объединение;

СЕМИНАР НА РАБОЧЕМ
МЕСТЕ

- общественное движение;
- общественный фонд;
- общественное учреждение.

В зависимости от направлений и видов деятельности, поставленных целей и задач условно можно выделить следующие группы общественных объединений.

Общественно-политические объединения ставят своей целью участие в политической жизни общества посредством влияния на формирование политической воли граждан, участие в выборах в органы государственной власти и местного самоуправления путем выдвижения кандидатов.

Национально-культурные объединения преследуют цели возрождения и развития национальных и сословных традиций, языка, культуры.

Профессиональные союзы занимаются защитой интересов граждан определенных профессий, совпадающих по характеру труда или социальному положению.

Профессиональные творческие объединения осуществляют задачи по созданию благоприятных условий для развития творческой деятельности своих членов, а также защиту их прав.

Социально-благотворительные объединения обеспечивают правовую, социально-экономическую, социально-бытовую защищенность членов объединения – ветеранов, инвалидов, и других групп населения.

В отдельную группу можно выделить молодежные, детские, женские общественные объединения. Их деятельность заключается в защите прав и свобод, развития активности и самостоятельности членов общества.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О политических партиях» от 15 июля 2002 года № 344 одним из видов общественного объединения является политическая партия.

Политической партией признается добровольное объединение граждан Республики Казахстан, выражающее политическую волю граждан, различных социальных групп, в целях представления их интересов в представительных и исполнительных органах государственной власти, местного самоуправления и участия в их формировании.

С учетом опыта работы Архива Президента РК с общественными объединениями, кроме деления общественных объединений по видам и направлениям деятельности, их можно разделить по состоянию (уровню) документационного обеспечения.

- к первой группе относятся общественные объединения, которые по структуре напоминают государственные организации, т.к. имеют устоявшуюся штатную численность аппарата управления, способ формирования бюджета, офис;
- ко второй группе относятся объединения, работающие на общественных началах, не имеющие штатной численности, офиса. Их документы хранятся у руководителей, членов объединений.

